

тюркской культуры можем созерцать и понимать с чего начиналась родина, откуда мы брали свои корни и патриотизм. История Казахстана – история предков Великой Степи очень многолика, интересна и сложна. Мы – казахстанцы должны стремиться, чтобы воссоздать наконец мечту нашего старшего поколения, которые сами на своем уровне уже сделали то, что имеем – Независимый Казахстан. Независимость страны – это святое для нас. Как наши предки ждали этого дня, так картины современных художников на исторические темы казахского народа свидетельствуют об этом. За 25 лет мы добились многого. Много сделано, и еще многое предстоит нам сделать, создать.

ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРІН ЖОБАЛАУДА ҚОЛДАНУ

*Буртибаева А.К., п.ғ.м,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ аға оқытушы
Салықова С., Диз-31 тобының студенті*

Сәулет өнеріндегі, дизайндағы және елдімекен құрылысындағы келешектің проблемасы бастапқы кезден сәулеттік-жобалық қызметтің өз дәл мәнімен байланысты болып келеді. Жобалау – бұл әрқашанда келешекті, таяудағыны немесе алыстағыны салу әрекеті. Бүгінде сәулеттік-дизайнерлік қызметтің кәсіби жағдайы сәулеттік шығармашылық үшін, бұл мамандықты жаңа басталған ХХІ ғасырда оның белсенді қызмет етуіне даярлауға мүмкіндік беретін рухани кемел қорек ортасын құру проблемасын алға барынша айқын қоюда.

Осы жүзжылдықтың идеялары, тұжырымдамалары, кадрлары және күрделі қаржы салынымдары қазірден бастап қалыптасатынын да ұмытпауымыз керек. Осындай рухани кемел қорек ортасының маңызды құрауышы сәулет өнері және елдімекен құрылысындағы жобалау-болжау қызметі болып табылады. Оның қажетті шарты мазмұнның молдығы болуы тиіс. Сәулеттік қызметтің тек осы нысаны ғана жаңа құрылыстық технологияларды, материалдарды, сәулеттік-жайғасымдық құралдар мен тәсілдерді дамытуға арналған тапсырыстарды

қалыптастырады, бастамашылық етеді. Сәулет өнері және елдімекен құрылысындағы болжамдау бүтіндей алғанда, сәулет өнерін дамытудың құралдарының бірі деп нық айтуға болады. Оны қамтамасыз ету үшін ғылым, техника, экономика, мәдениет, өнердің әр түрлі салаларында терең талдау зерттеулерін жүргізу қажет. Жобалау, салу және пайдалану процесінде сәулеттік, дизайнерлік және инженерлік ойлауды қайта құру компьютерлендірумен және автомат-тандырылған жүйелерді құрумен ғана емес, сондай-ақ ғимаратты жобалау, салу, қызмет етуі процесін олардың қайта құрылымдауын және қайта құрылғылауын оларды қайта бөлшектеуге (қажетті жағдайда), жоюға және пайдалы асыруға дейін жүйелік біріктіру қажеттігімен байланысты.

Функционалды жүйелер және жүйе техникасы теорияларына негізделгендерге қауіп-қатерді азайту үшін ғимараттың параметрлері мен қасиеттерін реттестіру процестерін басқарудың жаңа әдістері қажет. Жобалау кезінде мұндай проблемаларды шешу жобалаудың, салудың және пайдаланудың процестерін гомеостаттық ғимараттар мен имараттарды құруға кешенді қайта бағыттаумен байланысты. Бұл үшін ғимараттар мен имараттарды жобалау саласындағы ғылыми зерттеулердің перспективтік бағыттарының әзірлемесі, стандарттарды, нормаларды және ережелерді жетілдірудің әдістемелік және инженерлік-техникалық негіздемесі жүргізілуі тиіс.

Ғимараттарды жобалау мен салу мемлекеттік заңдастырылған құрылыстық нормалар және ережелермен (ҚНЖЕ) реттеледі. Оның негізгі міндеттері: ірі құрылыстар салуға бірыңғай саясат жүргізу; жобалау мен құрылыс салу, құрылыстық конструкциялар, бұйымдар мен материалдар шығару тәжірибесіне ғылым мен техниканың жетістіктерін енгізу; жобаланушы кәсіпорындарда, ғимараттарда және елді мекендерде еңбек етуге, тұрмысқа және демалуға ыңғайлы жағдай жасау мақсатында жобалауға бірыңғай шарт тағайындау; құрылыс салудың құнын төмендету; жерді тиімді пайдалану; қоршаған ортаны қорғау.

Қазіргі кезеңдегі құрылыс салудағы техникалық өзгерістер соған сай жобалау әдістеріне де өзгерістер енгізуді қажет етеді. Қазір өз құрамына тек ғимараттарды ғана емес, сонымен қатар

олардың кешендерін де кіргізетін жобалау нысандарының айтарлықтай күрделенуі мен индустриалды құрылыс салу жағдайында жобаларды дайындау жылдамдығын арттыру қажеттілігінің және оның мазмұнының арасында қайшылық туып отыр. Сол себептен, сәулеттік жобалау үрдісінің мазмұны мен жобаларды орындау техникасы айтарлықтай өзгеріске түсуде, соның әсерінен жобалаудағы қолданылатын техникалық құралдардың да құрамы өзгеруде. Бұнда жобаларды дайындаудың жаңа техникалық құралдары тек еңбек өнімділігін ғана емес, сонымен қатар оның сапасын да артыруға әсер етуі қажет.

Тұрғын аймаққа құрылыс жүргізу кезінде мына жағдайларды ескеру керек:

- аймақты үнемдеп пайдалану;
- тұрғын үйлерді шаруашылық алаңдардан, қоқыс жинауыштардан, автокөлік тұрақтардан оңашалау;
- тұрғын және қоғамдық ғимараттардың орналасуы олардың бөлмелерін және алаңдарын күн сәулесі түсуіне қолайлығы;
- шағын аудандарға кіру жолдары, өткелдер, жаяу жүруші саяжолдары 2. 07. 01-89* ҚНМ Есәйкес жобалануы тиіс. Шағын ауданда жаяу жүруші қозғалысы үшін, жаяу жүруші саяжолдары, жолдар жобалануда. ҚнЖЕ қолдану үшін оның жасалуы құрылымын білу қажет және олар қазіргі жіктелуі бойынша бес бөлімге бөлінген: Ұйымдастыру, басқару, экономика-ол инженерлік зерттеулер, құрылысты жобалау мен оны басқару, ұйымдастыру қағидалары мен әдістемелері, ұйымдар мен қызметтік тұлғалар туралы ережелерден тұрады.

Жобалау нормалары - ғимараттар мен құрылыстардың конструкцияларын, елді мекендерді жобалау бойынша жалпы ережелер.

Жұмыстарды ұйымдастыру, жүргізу және қабылдау- барлық құрылыс жұмыстары мен құрылыс конструкцияларын шығару ережелері және оларды қабылдауға қойылатын талаптар.

Сметалық нормалар

Материалдық және еңбек ресурстарының шығындалу нормалары- материалдық шығындар, жабдықтар мен механизмдерді пайдалану нормалары, құрылыстағы және жобалау- зерттеу жұмыстарындағы нормалар мен еңбек ақысы.

Әрбір бөлім топтарға бөлінеді. Мысалы, екінші бөлім «Жобалау нормалары» келесідей топтардан тұрады:

01 Жобалаудың жалпы нормалары

02 Негіздер мен іргетастар

03 Құрылыс конструкциялары

04 Ғимараттар мен құрылыстардың инженерлік жабдықтары.

Сыртқы тораптар

05 Көліктік құрылыстар

06 Гидротехникалық және энергетикалық құрылыстар, мелиоративтік жүйелер мен құрылыстар

07 Елді мекендерді жобалау мен құрылысын салу

08 Тұрғыни және қоғамдық ғимараттар

09 Өнеркәсіптік кәсіпорындар, өндірістік ғимараттар мен құрылыстар, көмекші ғимараттар. Жабдықтық ғимараттар

10 Ауылшаруашылық кәсіпорындары, ғимараттар мен құрылыстар

11 Қоймалар

12 Жерді бөлу нормалары

Құрылыстық нормалар және ережелердің шығарылуының шифрлары оның құрылымына сай белгіленеді. Ол «СниП (ҚнжЕ)» әріптерінен және бір-бірінен нүкте арқылы бөлінген бөлім нөмірінен (бір сан), топ нөмірінен (екі сан) және құжат нөмірінен (екі сан); сызықша арқылы жалғанған ақырғы екі сан құжаттың бекітілген жылын көрсетеді (құжаттарға нөмірлер әр топ ішінде тіркелу ретімен немесе сол құжаттардың алдын-ала дайындалған тізбесіне сай беріледі). Мысалы, СниП (ҚнжЕ) 2.08.05-86 «Тұрғыни және қоғамдық ғимараттар» тобындағы жобалау нормасын білдіреді.

ҚнжЕ сияқты негізгі нормативтік құжаттармен қоса, кейде жобалаудың жеке мәселелері бойынша тұрақты немесе уақытша «Нұсқаулар» немесе «Инструкциялар» да қолданылады.

Жобалауда әртүрлі ғимараттардың ҚНЖЕ-нің нұсқауларына негізделіп дайындалған көлемдік жоспарлар шешімдерінің типтік мысалдары берілген. Жоспарлау элементтерінің нормальдары деп аталатын арнайы басылымдар да айтарлықтай қосымша орын алады.

Нормальдар ғимараттар типтері (мейманханалар, кітапханалар т.б.) немесе ғимараттардың жекелеген түрлерінің

ішкі жайларының топтары: сауда ғимараттары мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындардың негізгі ішкіжайлары; сауықтық және мәдени-ағарту қызметіндегі ғимараттардың ішкіжайлары, спорттық құрылыстардың көмекші ішкіжайлары, бұқаралық тұрғын үй элементтерінің жоспарлану элементтерінің нормалануы т.б. бойынша жекелеген басылымдармен шығарылады.

Қорытындылай келе, бұл жағдайда жеке ішкі жайлардың әрқайсысының қызметтік-габариттік өлшемдері жиһаздар мен жабдықтардың өлшемдері мен орналастырылуы және өтетін жерлер мен қажетті еркін кеңістіктің шамалары бойынша анықталады. Соған байланысты онда өлшемдер қаңқаның бағаналары немесе көтеруші қабырғалары арқылы модульдік негізде үйлестірілген (унификация) конструктивтік ұяшықтармен қатал байланыстырылады. Нормальдарды белгілі жүйе бойынша құрайды, олардың әрқайсысы нысандардың ерекшеліктеріне байланысты, өз құрамына ішкіжайлардың өзара қызметтік байланысының схемасын, нормативтік берілгендерді, жиһаздар мен жабдықтар орналастырыған ішкі жайлардың габариттік схемасын, ішкі жайлар топтарының, сатылар мен лифттердің жоспарлану мысалдарын және т.б. берілгендерді енгізеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР Конституциясы.
2. ҚР Қала құрылыс кодексі.
3. ҚР Жер кодексі.
4. Құрылыс нормалары мен ережелері. Қала құрылысы.

Қала және ауыл кенттерін жобалау және құрылыс жүргізу СП 42.13.330.2011: (2. 07. 01-89* ҚНМЕ жандандыруы).